

Қарауылкелді орта мектебінің мектепшілік өзін-өзі аттестациядан өткізу қорытындысы туралы

АНЫҚТАМА

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2021 жылдың желтоқсан айының 06–18 желтоқсан аралығында мектепшілік өзін-өзі бақылау комиссиясы құрылды

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Қ.М.Қойшығұлова - комиссия төрайымы, мектеп директоры .
2. Б.А.Қисықбасов - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. А.М.Қазыбекова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. Қ.Ә.Әбимолда – директордың бастауыш ісі
5. Н.Ә. Жанғалиев – директордың әдістеме жөніндегі орынбасары

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың ақпан айының 7-12 аралығында мектепшілік өзін-өзі бағалау өткізілді.

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей бөлімдер қамтылды.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы;

2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі; жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің, вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылуы;

3. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы.

4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

5. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

6. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру.

7. Жалпы білім беру ұйымы бойыншаматериалдық-техникалық қамтамасыз етуі, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының болуы, кітапхана қоры, мектеп асханасының, медициналық қызметтің болуы.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1968 жылы салынған.

Жалпы орта білім беретін мектеп 2 қабатты

Жобалық сыйымдылығы - 530 орындық

Мекеме ғимаратының түрі: типтік

Жалпы көлемі: 2521,7 ш.м.

Меншік түрі: Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

Мекен жайы: Қарауылкелді ауылы, Құрманғазы 98 үй

Телефон: 23-1-15,+77782927410

E-mail:sch_karaulkeldy1@mail.ru

Оқу тілі: қазақ тілі

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензия сериясы АА № 0009329. Лицензияның берілген күні 11.03.2003ж. «Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі №596 қаулысына сәйкес «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5- бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылғы 29 тамызда №23 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 7 адамнан тұрады.

Қарауылкелді орта мектебінде 102 педагог, 34 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. 1 директор, 1 оқу ісі орынбасары, 1 тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 әдістеме жөніндегі орынбасары, 1 бастауыш ісі жөніндегі орынбасар, 1 әлеуметтік педагог, 3 психолог, 1 логопед, 1 дефектолог, 2 кітапханашы, 1 тәлімгер 1 іс жүргізуші бар. Жоғары білімді педагогтар саны –93 , арнаулы орта –9 . Пайыздық үлесі: 91% Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші –29 , педагог –сарапшы-21 , педагог модератор – 15, бірінші санатты -1, екінші санат-2, санатсыздар -30 ; Пайыздық үлесі:56%

« Қарауылкелді орта мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-жұмыс жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар) енгізу туралы бұйрығымен бекітілген оқу жоспарымен, типтік оқу бағдарламалары 21.09.2018 ж № 477 бұйрық және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген, (2021 жылғы 25 наурыздағы №125 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен) ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасымен , ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 6-қосымшасымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламалары бойынша жасалған және мектеп директорының, аудандық білім бөлімінің келісімімен бекітілген. Жұмыс жоспарына сай 2021-2022 оқу жылына мектеп кәсіподақ, ата-аналар комитетінің келісімімен мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар. Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспар түрлерін басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық техникалық базасы мен кадр ресурстары ескерілген.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 30 минут үзіліс

көзделген. Бірінші аусымдағы сабақ 8.00-ден 14.05-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.15-ден 20.20-да бітеді.

2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

2021-2022 оқу жылында Қарауылкелді орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында «Қарауылкелді орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында **606** оқушы болса, мектепалды даярлық класында 4 класс-комплектісі- 90 тәрбиеленуші;

Сыныптар реттілігі	Оқушы саны
МАД №4 топ	90
1 сынып (аәб)	69
2сынып (аәб)	61
3сынып (а,ә,б)	55
4 сынып (а,ә,б)	63
5 сынып (а,ә,б)	60
6 сынып (а,ә,б)	60
7 сынып (а,ә)	50
8 сынып (а,ә)	52
9 сынып (а,ә)	51
10 сынып (а,ә)	48
11 сынып (а,ә)	37
Барлығы	606

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әр сыныптарда инварианттық және вариативтік компонент оқу жүктемелері төменде келтірілген:

2. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасы негізінде жасақталған, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып, мектеп директорының 31.08.2021 жылғы педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітіліп жұмыс жасады.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – Рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Оқу жылының басында 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарға талдау арқылы 2021-2022 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, оқу ауысымдары белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау - басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітілді, оқушылардың мектеп формасын сақтауы, бірыңғай киім үлгісін киюге, күн режиміне бірыңғай талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

3. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу.

1-4-кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-кластарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық

оқу жүктемесі 1-3-кластарда 6 сағаттан, 4-класта 10 сағаттан бастауыш класс мұғалімдері іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

4. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-кластарда әрбір сыныпта 6 сағаттан класс сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта класс жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

5-8-сыныптарда «Жол жүру ережелері» оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақ тақырыбы мен күні көрсетіле отырып, әр сыныпта 10 сағаттан өткізілді.

5. Жалпы білім беру ұйымы бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының болуы, кітапхана қоры, тамақтану объектісінің болуы, медициналық қызметтің болуы.

Мектепте 12 оқу кабинеті бар, 2 шеберхана 1 қыз балаларға, 1 ер балаларға арналған, 2 спортзал және мини зал, 1 асхана, 1 медициналық пункт, 1 кітапхана, 1 мұғалімдер бөлмесі, дәретханалар /1 ер балаларға, 1 қыз балаларға арналған/, 2021-2022 оқу жылында мектеп модернизациядан өтті. Физика-8214080 теңгенің, Химия кабинетіне 743080 теңгенің, Биология кабинетіне-7443228 теңге және Робототехника 9956234 тг. құрал- жабдықтарымен жабдықталды.

Қарауылкелді орта мектебіне 2021-2022 жаңа оқу жылында 27 тамыз 2021 жылы Аудандық білім бөлімінен 1-сынып оқулығы 888 дана, 2-сыныпқа 65 дана ағылшын оқулығы, 3-сыныпқа 60 дана цифрлық сауаттылық, 6-сыныпқа 65 дана музыка оқулығы, 7-сыныпқа 55 дана информатика оқулығы, 8-сыныпқа 56 дана информатика оқулығы, 9-сыныпқа 80 дана оқулық, 10-сыныпқа 180 дана оқулық алынып жеткізіліп берілді.

Қосымша 496 көркем әдебиет берілді. Жалпы кітап қоры – 24263, оқулық – 9759, көркем әдебиет – 4311, оқыту әдістемесі – 170.

Оқу жылы қорытындысы бойынша **бастауыш білім беру оқу сапасы** – 91% /1-кластардағы оқушы саны есептелмегенде/, негізгі білім беру оқу сапасы 53,1%, жалпы орта білім беру оқу сапасы – 50,5%, жалпы оқу сапасы – 61% Мектеп бітірген 37 оқушының 8 оқушы грант, 16 оқушы ақылы жоғарғы оқу орындарына оқуға түсті. Ал 13 оқушы колледждерде грантпен оқып жатыр. 9-сынып бітірген 51 оқушының 9 оқушысы колледжде, қалған 42 оқушы 10-сыныпта оқуларын мектепте жалғастыруда.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында «Қарауылкелді орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны-637 және мектеп алды даярлық тобында 72 тәрбиеленуші оқуларын жалғастыруда. Мектепте 98 педагог, 35 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. 1 директор, 1 оқу ісі орынбасары, 1 тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 әдістеме жөніндегі орынбасары, 1 бастауыш ісі жөніндегі орынбасар, 1 әлеуметтік педагог, 3 психолог, 1 логопед, 1 дефектолог, 2 кітапханашы, 1 тәлімгер 1 іс жүргізуші бар. Жоғары білімді педагогтар саны – 90, арнаулы орта – 8. Пайыздық үлесі: 92% Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші – 28, педагог – сарапшы – 22, педагог модератор – 14, бірінші санатты – 1, екінші санат – 2, санатсыздар – 28; Пайыздық үлесі: 55%. Ітоқсанды бойынша-1-11 кластар -636 оқушы, МАД-да- 71 тәрбиеленушімен аяқтап отырмыз. Оқу озаты-116, Оқу екпіндісі -185, орташа-248, /1 класқа баға шықпайды/ Пайыздық үлесі-54,8%.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып табылады. Адамзаттық құндылықтарды дарыту негізгі 8 бағыт бойынша жоспарланды. Тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастыру отбасының, білім беру ұйымының, қоғамның кеңінен қатысуы арқылы жүргізіледі. Құндылыққа бағдарланған тәрбие мен оқытудың бірлігі мектеп қауымдастығының бір – біріне құрметпен қарауынан басталады. Жалпы мектептік іс – шараларды өткізу кезінде мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға баса назар аударылды. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Р. Бағланованың 100 жылдығын М.Әуезовтің 125 жылдығын мерекеленіп, шаралар өткізілді. Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда «Отбасы – орта мектеп», «Оқуға құштар мектеп», «Қоғамға қызмет» жобалары жүзеге асырылуда. Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Ана мектебі» мен «Әке мектебі» құрылды. Мектепте «Мектеп парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқаруы жұмыс жасайды. Қайырымдылық жобалар мен отбасылармен бірлесіп өткізілген шаралар ай сайын өткізіліп тұрады. І тоқсан қорытындысы бойынша тәрбие жұмысы жоспарға сай ұйымдастырылды.

Мектеп директоры:



К.М.Койшыгулова